

«Қазақ мұнайының ардақтылары» атты өмірбаян сериясы экономикамыздың стратегиялық саласы ретінде Қазақстан Республикасын әлемдегі мұнайлы елдердің қатарына қосу жолында өлшеусіз еңбек еткен ардагер мұнайшыларымыздың өшпес есімдеріне арналған.

«Мұнайшы» қоғамдық қоры

ҚАЗАҚ МҰНАЙЫНЫҢ АРДАҚТЫЛАРЫ

Өмірбаян сериясы

Басталуы – 2006 жыл



Гүлсім Оразәліқызы

ШАХМАРДАН ЕСЕНОВ



Алматы 2011

УДК 551
ББК 26.3
О-65

О-65

Оразалиқызы Гүлсім

Шахмардан Есенов – Алматы, 2011. – 320 б.

ISBN 9965-816-37-9

Көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Шахмардан Есенов туралы деректі-көркем тұжырымалық эссе.

Бұл кітапта көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, Қазақстанның геология саласы мен ғылымының талантты ұйымдастырушысы, Геология министрі, Ғылым Академиясының президенті, Лениндік және Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, академик Шахмардан Есеновтың мемлекетіміздің іргесін нығайтуға қосқан орасан еңбегі, мол үлесі әңгімеленеді.

Өзінің біліктілігімен, ұлтына деген жанашырлығымен, биік адамгершілігімен, әділдікті ту еткен турашылдығымен ел құрметіне бөленген ардагер азаматтың кейінгі ұрпаққа үлгі болар тұстары жетерлік. Кітаптың тілі айшықты, оқырманға айтары мол.

УДК 551
ББК 26.3

ISBN 9965-816-37-9

© ОФ «Мұнайшы», 2011

Еліміздің бас геологы

(сөз басы)

Әр ғасырдың басты бір оқиғасы болады. Әрине, өткен ғасырдың айтулы оқиғалары, жақсысы мен жаманы, жетістігі мен кемшілігі жетерлік. Жетістігімізді айтар болсақ, әуелгілердің бірі болып ауызға Қазақстан геология-барлау жұмысының, инженерлік қызметтің келуі, сосын қалыптасуы, дамуы ойға оралады. Аз ғана уақыт, бар-жоғы 60-70 жылдың ішінде жедел жылдамдықпен, екпінді қарқынмен Қазақстанда дамыған бұл сала талай ғасырлардан бері дәстүрлі геологиялық мектебі бар мемлекеттер қатарына қосылып, тіптен басқа республикалардың ішінен алдыңғы орындарды иеленді. Мысалы, Геология-барлау қызметінің іргесі қаланғанына 300 жыл болған Ресей мемлекетінен Қазақстан геологиясы сәл-ақ қалып тұрды десе болады. Соның арқасында Қазақстан кен байлықтары молынан табылып, әлемдегі шикізат өндірісі дамыған мемлекеттер қатарына қосылды, және бұл Евразиялық кеңістіктің экономикасына едәуір өз ықпалын тигізуде.

Қазақстанда геология-барлау қызметінің барынша күшіне енген кезі – 1956 жыл. Әуелі, КСРО Геология және кен қорғау министрлігі құрылды. Бұл әлемде теңдесі жоқ және үлгісі де мол мекеме еді. Осының негізінде бұрын Одаққа бағынып келген көптеген геологиялық құрылымдардың басын қосып, Қазақстан Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі құрылды. Мұндай министрліктің құрылуын өмірдің өзі, жеріміздегі кен байлықтарының молдығы алға ұсынып еді. Тек бізден кейін, 10 жылдан соң ғана Ресей, Украина, Өзбекстан республикаларында мұндай министрліктер ұйымдаса алды.

Осының өзі біздегі геология-барлау өндірісінің қаншалықты алға кеткенін аңғартса керек.

Бұл бастаманың басы-қасында тұрған білімі терең, ұлтының болашағын ойлаған нағыз жанашыр азамат, ұйымдастырушылық қабілеті мықты басшы, ғұлама ғалым Қаныш Сәтбаев екенінде ешкімнің дауы жоқ. Ол еліміздің минералдық шикізат қорын ұлғайту мақсатында Қазақстан аумағынан геологиялық зерттеудің ауқымын кеңейтіп, Үлкен Жезқазғанның болашағын нақ болжады, іске асырды. Қаныш Сәтбаев геологияда металлогендік бағыттың негізін салды. Ол ғылымда «қазақстандық металлогендік мектеп» деген атпен әлемге белгілі болды.

Қ. Сәтбаев Орта Азия мен Қазақстан геологтарын, яғни, шәкірттер дайындауға көп көңіл бөлді. Сондай дарынды шәкірттерінің бір дарасы Шахмардан Есенов болды. Ол ұстазы салған жолды жалғастырып, Жезқазған-Ұлытау аймағының кен байлығын айқындап-анықтауға он бір жылын – өмірінің ең бір тамаша кезеңін жіберді. Ш. Есенов кен орындарын болжау және жер қыртысы дәуірлестігімен байланысты металлогендік талдаудың кешенді әдістерін жан-жақты зерттеп, жетілдірді. Ш. Есенов Геология министрі, Ғылым Академиясына президент болған тұстарында геология-барлау жұмысын жандандырып, әсіресе, өндіріс ұжымдарымен бірлесе отырып, металлогендік болжамдар картасын жасап, кен байлықтарының шекарасын бірнеше есеге ұлғайтты. Осы картаға сүйене отырып, соңғы жылдары Орталық Қазақстанның қара, түсті және сирек кездесетін металдарының қайда, қай қабаттарда қалай жатқандығы анықталды. Елімізде осыған сүйене отырып көптеген ірі өндіріс ошақтары ашылды.

Әсіресе, Ш. Есенов Геология министрі кезінде Қазақстан кен байлықтарын іздестірудің, жұмысты ұтымды ұйымдастырудың үлгісін көрсетті. Оның табанды, батыл басшылығының арқасында Жетібай мен Өзен мұнай қоры табылып, кешікпей өндірілді. Бұл үшін бір топ мұнайшы Лениндік сыйлықтың лауреаты атанды, олардың бел ортасында Шахмардан Есенов те бар еді.

Мұндай түрлі кен орындары республикамыздың барлық аймақтарында ашылды, сосын өндірілді. Есеновтың жаңа бастамалар бастап, жақсы идеяларды іс-жүзіне батылдықпен асырғанының арқасында Қазақстан геологиясы әлемдік деңгейге көтеріліп, мойындалды. Ол шетелдік дәрежесі жоғары конференциялар мен симпозиумдарда

баяндама жасап, еліміздің геологтарының жетістіктерін шар тарапқа паш етті. Геология ғылымына қосқан Есенов еңбегін біз ешқашан ұмытпаймыз, қайта жаңа істерде басшылыққа аламыз.

Ол әр түрлі қызметтерді атқарды: министр, президент, ұстаз. Біз үшін ол қашанда «Еліміздің Бас Геологы!» Оның тұлғасы біздің жадымызда жер қойнауын іздеген барлаушы, кен көздерін зерттеген ғалым, беделді басшы, жас геологтарды тәрбиелеуші «Бас геолог» болып мәңгіге қала береді. Біртуар, аса дарынды перзенті Шахмардан Есеновты қазақ халқы ешқашан ұмытпайды. Оның «өмірі» ұзақ, сапары ғасырлардан ғасырларға жалғаса береді.

Б.С. Өмкенов

*ҚР Геология және жер қойнауын
қорғау комитетінің төрағасы.*

Бірінші бөлім

Өмірі «Оларда» өткен Жорабек

*«Бойы екі метрден асатын Шахмардан
палуан денелі, өз тұлғасы өзіне
жарасымды, сөйлескен кісілеріне лебінің
жылылығы үнемі сезіліп тұратын ақпейіл
жан еді. Мен Шахмарданға қарап
отырғанда есіме оның әкесі, біздің ағамыз
Есенов Жорабек түсуші еді».*

Әбділдә Тәжібаев

Жанағы ұзынтұра не деп кетті өзі. «Жөке, қамсыз отыр-маңыз...» – деді ме маған?! Иә, неге мен қамдануым керек? Қамданғанда қайда барамын, кімге барамын? Не болып кетті бұл дүние!

Кеңес Өкіметі қара халықтың, кедей-кепшіктің қамын жейді, бай мен кедей деген болмайды, бәрі тең болады деді. Бәрекелді, тең болсақ тең болайық, теңдікке не жетсін шіркін! деп Кеңес Өкіметін құруға белсене кірістік, азамат соғысына қатыстым... Оқыған орышам пайдаға асып, қазақ пен орыстың ортасына тілмаш болдым... «азамат соғысына қатысқан ардагер» деген құжатым да бар... Енді не демек бұл өкімет маған? Түсінбедім, «халық жауысың» дегелі тұр ма сонда?... Шошнын дедім бұлардан. Ісі мен сөзінен бәтуа кете бастады... кеше ғана «халық жауы» деп Қамашты, бұдан он күн бұрын Сәрсенді ұстап әкетті. Жазғаны, кінәсі әкелерінің бай болғаны. Ойбай-ау, ол байлықтан жұрнақ та қалған жоқ қой қазір, колхоз боламыз деп бар малын тартып алды, содан олар да ығыршығы айналған кедей-кепшік болды да шықты. Бұл Өкімет өңкей кедей-кепшікпен қандай

мемлекет құрмақшы өзі?... Тоқта, тоқта, жаңағы Жаңабай дос: «камсыз болмаңыз!» дегенді маған қатты айтты-ау өзі?... – Осы сұрақтың тууы мүң екен Жорабек бірін-бірі қуып, лек-лек етіп жалданып, жалындап келе жатқан айбарлы ойларын кілт тоқтатты. – Айтқандай «азамат соғысының ардагері» деген құжатым қайда? Мықты бір жерге тығып едім-ау өзін?...

Жедел келіп, жедел кеткен Жаңабай соңында Жорабек осылай, төрде молдас құрған бойда ойланып отырып қалды. Бірақ соңғы сұрақ оны елуден асқан жасына, еңгезердей денесіне қаратпай-ақ орнынан атып тұрғызды. Саздан салынған жаппа тамның төбесіне төбесі екі елі ғана жетпей тұр. Жорабек жан-жағына қарады.Үй ішінде көзге ілінер бір қатар жинаулы көрпе-төсек пен оның астындағы кебеже, сандықтан және есік жақтағы шағын стол үстіндегі ыдыс-аяқтан басқа ештеңе жоқ. Сандық үстінде жиюлы тұрған көрпелерді жерге тез-тез тастап, оның ішін қарай бастады, іздегенін таппады. Сосын кебежені қопарды. Не керек, тап-тұйнақтай жинаулы тұрған үй ішін әп сәтте-ақ астан-кестенің шығарды. Іздегені жоқ. Таппады. Енді не істемек? Далаға атып шықты да:

– Шәрипа, а, Шәрипа! – деп, есік алдындағы қора жаққа дауыс салды.

– Не болды, ақсақал? – деуін дегенмен жауабын күтпеген Шәрипа айырын қораға сүйей салып үйге асықты.

– Қызыл Армия берген документ, қағаз қайда? – деді, табалдырықтан аттай берген Шәрипаға қатқыл үнмен.

– Ақсақал-ау, оны Сіз маған берген жоқсыз ғой... – деді, Шәрипа күмілжіп, бейне бір кінәлі адамдай. Орта бойлы, көзі ботадай, аққұба келіншектің басына тартқан ақ орамалы одан сайын ажарландырып тұр. Қанша ашуланып, шыыршық атып тұрса да осы сұлулық Жорабектің меселін қайтарып, одырая бір караудан асыртпады. Түйе-жүн шекпенін киіп, белін шұбатылған белбеумен тас түйін етіп буа тұрып «Әкеңнің...» деп, ауызын толтыра, әр сөзін анық-қанығымен бір боктады да далаға ата жөнелді. Кімді, не үшін боктады – оны білу қиын. Есіктің алдындағы мама ағашта байлаулы тұрған Қаражалға келіп, үзеңгіге аяғы тиер-тиместен қарғып мінді де, Сырларияға қарай бет түзеді. Атын ауыздығымен жағаластырып, тарпаң-тарпаң бастырып барады. Қайда, неге кетті? Жорабекке бұл сұрақты ешкім қоя да, сұрай да алмайды. Жиі көрмеген адамға ол ашық-жарқын, мінезі жайдары адамдай көрінеді. Әсіресе, жиын-тойларда көптен

мойны оқ бойы озып, екі кісінің орнын бір өзі ала отырып, орысша, қазақша әзіл-қалжыңды ағытқан кезде оның бойында басқа бір оғаш мінезі бар-ау деп ешкім ойламайды. Оның батыршалыс-шалт мінезін ағайын-тума, Шәрипа ғана біледі. Суыт кеткен Жорабекке «ақсақал-ау, қайда барасыз?» демей соңынан қарап қала беруінің сыры осы.

Шәрипа үндемей қалғанмен, іштей ойланып отырып қалды. «Қызылдар» берген документке кем дегенде он-он бес жыл болды. Ол енді неге қажет болып тұр екен? Жаңа құрдасы Жаңабайдың үйден шығып бара жатқанын көріп еді, не де болса сол бір нәрсені бүлдіріп кетті. Ол не айтты екен? Мына дүниенің дүрбелені қашан басылар екен? Тыныштық болатын күн бар ма өзі? Аулымызды бөгделер жайлады... күнде өзгерген өкімет, кімге еріп, кімге сенеріңді білмейсің... «ақ пен қызыл» болып соғысты, енді «халық жауы» деген бір нәрсені шығарды. Ел іні үрейлі, бүгін бар адам ертең жоқ. Күнде бір жаңалық естімесең құлағың керең болып қалатындай...

Бұл тағдыр дегенді қойсаңызшы, Жорабек пен Шәрипа екеуінің отау құрғаны да қызық, бәрі табан астынан болды. Ол кезде, жиырмасыншы жылдары Шәрипалар Бәйгекұмда отыратын. Жорабек секілді оқыған азаматтардың әлі аз кезі. Оның Әскери-революциялық Кеңес төрағасының орынбасары болып, түкірген түкірігі жерге түспей, абыройы асып тұрған шағы. Бірде ол ел аралап жүріп бір топ нөкерлерімен Бәйгекұмды жайлап отырған қонақбай руының ақсақалы, Шәрипа әкесінің үйіне тоқтайды. Қызайы түлкіге көзі түскен қырғидай Жорабектің назары бірден үлбіреп, тал шыбықтай майысып, ботадай көзі жәудіреп тұрған Шәрипаға түсе қалды. Жорабектің әйелі қайтыс болып, қызы Сақыпжамалмен қалған кезі еді. Шай үстінде көңілі көтеріңкі отырды. Тіптен мұндай жүрісте көрсете бермейтін «талантын» танытып, ауық-ауық Абай мен Пушкиннен өлең оқып та қойды. «Бұным қалай?» дегендей шай құйып отырған Шәрипаға көз қиығымен қарайды. Аз айтып, көп айтып не керек, жарты айға жетпей ол қасына немере ағасы Ізтілеуді ертіп Бәйгекұмға қайта оралды. Қыз жеңгелеріне қол үздігін, сосын қол ұстатарын беріп жүріп, ақырында бір күннің бір түнінде қызды – Шәрипаны алып қашып кетті.

Қалай болғанда да, жар таңдаудан екеуі де қателеспепті. Тағдыр тауқыметін қанша тартса да қайыспай, қоғамда болып жатқан өзгеріс, жаңалықтың нақ ортасында өмір сүріп, бірде «құлап», бірде «тұрып», бала-шаға өсіріп, ел-жұрттан қалмады. Шәрипаның басына түскен

тауқымет аз емес, әрине... Арпаң-тарпаң батыршалыстау Жорабек әйелі Шәрипаның үстіне Ақкенжені алды, алуға мәжбүр болды. Қыздың ағалары сол кездің бай-манаптары болатын. Жорабектің қызметі өсіп, өздерінен асып бара жатқанын көре алмай жүрген оларға, оның Ақкенжемен бірді-екілі жастық желікке салып, сырласып қалғаны сылтау болып, үстінен арыз жазып, «қырамыз, жоямыз» дей берген соң әйел етіп алды. Ақкенже Жорабектен екі перзент сүйді, қызының атын Рәш, ұлының атын Шайқыслам қойды. Олар Ақмешітке тұрды. Шайқыслам өмірі соғысқа тап келіп, майдан даласында қаза тапты. Ажал айтып келе ме, аз ғана ауырып Ақкенже де дүниеден өтті.

Жорабектің екінші әйелінің барлығын білген кезде Шәрипаның жан-дүниесінде біраз аласапыран, арпалыс болды. Айтып алса бір сәрі, жасырып алғанына ренжіді. Әйел неге көнбеген, Шәрипа да солардың бірі емес пе, келе-келе «балаларына барып тұр, олардың не жазығы бар?...» – деп, тағдырымен келісіп, күйеуіне кенес те берді. Көркіне ақылы сай Шәрипаның осындай мінезі мен қылығы Жорабекті алысқа жібермеді. Ордалы отбасым осы үй деп ұқты. Өмір жалғасып, екі ұл – Шаһызадан (1925 ж.) мен Шахмардан (1927 ж.) келді өмірге. Балаларының қызығына, от басының берекесіне мойын бұрып, бар киындықтар артта қалды-ау дегенде «халық жауы» деген шықты. Шәрипаның жүрегі үнемі бір жамандықты күтетіндей, сезетіндей еді...

Содан Жорабек екі күннен кейін оралды. Қайда барып келгенін өзінен басқа жан білмейді. Бойында беймазалық бар, ойы орнықты емес. Ауыл адамдарымен де аса араласа қоймай, томаға-тұйық бірер күн жүрді де, бір күні кешкісін ас-суын ішіп отырып Шәрипаға әңгіме бастады:

– Жол жүрмекпін. Басыма іс түскелі тұр, Шәрипаш! Маған деген ықылыс-пейіліңді қадірлемесем, сендерге ештеңе айтпай-ақ бір күнде жоқ болып кетер едім. Сендер үшін, балаларымның болашағы үшін жол жүргелі отырмын. Шәрипа, мен амалсызбын. Мыналардың түрі жаман, мені де ұстатып жіберудің аз-ақ алдында. Сеземін. Кеше Ақмешітке барып, «Азамат соғысының ардагері» деген құжаттың түбірін іздеп таппай келдім. Енді кешіксем, мені «халық жауы» деп итжеккенге жібермек, әлде атып та жібере ме, кім білсін. Мына балаларды қалай жетім қалдырамын, сондықтан бой тасалай тұрғанды жөн көрем. Алдымда не күтіп тұрғанын білмеймін. Айналайын, Шәрипаш, балалар саған аманат! – деп, осы төңіректе біраз әңгіме айтты.

Алғашында шошып кеткен Шәрипа күйеуінің не айтып отырғанын бағдарлап, байкастай алмай қалды. Келе-келе айтпағын ұға бастады, сабырмен, үнсіз тыңдады. Жорабек үндемеген әйеліне қарап өзімен келісіп отырғанын сезді.

Не керек, екеуі сығырайған майшамның астында таңға дейін отырды. Көңілдің күйі шертіліп, сыры ақтарылды. Өткен-кеткенді еске алды. Балалары бейқам, пысылдап ұйықтап жатыр. Екі ұлына қарап Жорабек іштей: «шырақтарым-ай, болашақтарың не болар екен?» десе, Шәрипа: «әкелеріңнің күні не болмақ?» деп, түйткіл көңілмен қарайды.

Жолға Жорабектің киімдерін жинады. Осы кезде шыдай алмаған Шәрипаның көзіне жас үйірілді. Оны байқап қалған Жорабек әйелінің қолынан тартып, қасына отырғызып, бауырына басты. Үнсіз ұзақ отырды. Жылы ұясын, өсіп келе жатқан екі баласын, өзі десе жан ұшырып, құрақ ұшып тұратын адал жарын қиып, бас сауғалап, бір жаққа кету өзіне де оңай болып тұрған жоқ. Сергелденнен басы бір арылмай-ақ қойды. Қырып-жойған қылмысы болмаса да, бір қырсық соңынан қалар емес. Шарасыздықтан шаршады. Бірақ, қарап отырып дұшпандарының қармағына түскісі де келмейді. Досы Жаңабайдың айтпағы да осы – «бой тасала, кет бір жаққа!»

Қай ортада жүрсе де Жорабек абыройлы, беделді болды. Оның өздерінен бойының да, ойының да озықтығын көре алмайтындар түймедейді түйседей етіп жала да жапты. Бәрінен де өзінің адалдығы құтқарып келіп еді, ал, мынау жоқ жерден ойлап табылған «халық жауы» деген жаладан құтылу қиын. Ауылдағы «адалмыз» деп жүрген ажжүрек жігіттердің өзін бір күнде ұстап әкетіп, итжеккенге айдап жіберді емес пе. Түсініксіз.

Ұлттық әдет пен ғұрып, тұрмыс пен салт қалыптастырған түсінік-түйсікті Діни семинария берген тәлім мен білім Жорабектің өмірге, тіршілікке, адамдарға деген көзқарасын ерекше етіп қалыптастырды. Басқалардай дүниеқұмар, мансапқор болмады. «Дүние – бөк, өмір-теңіз, ағады да кетеді. Қалатын нәрсе – адамгершілігің!» Бұл Жорабектің өмірде ұстанған ұстанымы еді.

Жары Шәрипа өзіне лайық болды, қолы берекелі, ажжарқын, дастарханы жиылмайтын. Жорабек басқалардай қызметі мен абыройын пайдаланып артық-аспай дүние емес, дос жинады, өмірден дос арттырды: орыс, татар, шешен, кәріс, өзбек... не керек бәрімен де тіл табы-

сып, сыйластықта болды. Қашан болса да шағын, жаппа тамның іші гуілдеген көпке, әзілі мен қалжыңы жарасқан ағайынға толы болатын. Бұл жолы да ол сол Тәшкен жақтағы достарына сеніп, бас сауғалап барады.

Біраз үнсіз, өз ойымен әлек болып қалған Жорабек қайыра сөз бастады:

– Бұл пәле қайдан жабысты «аксақалыма» деме, Шәрипаш. Жәй қойшы-қолаң болмадық, үлкен ортада, үлкендермен бірге жүрдік. Үлкен органың шаруасы да күрделі болады. Отаршыл орыстар келе бастады, олардың соңын ала «актар мен қызылдар» болып соғысты. Біздер кімге болысармызды білмей, бір басымыз екіге жарылып аз азап көрген жоқпыз. Ақырында кедей-кепшіктің қорғаушысы, сүйеуі боламыз деген соң, «қызылдар», Кеңес өкіметінің соңынан ердік. Жаңа заман, жаңа заң мен зүкін келді. Бір заңын түсінсек, екіншісін түсінбедік. Әкелеріміз сауатсыз болды, Алла берген түйсік-түсінікпен бізді жетелеп, жеткізді. Аруағыңнан айналайын, әкем марқұм қайта ағайын-туғанның «балаларыңды кәпір еттің» дегеніне қарамай, оқытып, білім бергеніне ризамын. Соның арқасында көштен қалмай, заман ағымына ілесе білдік. Өкіметтің қызметін істедік, біреуге қату айттық, біреуге басу айттық, біреудің көңілінен шығасын, біреудің аяғын басасың дегендей ғой. Бірақ мен жазықсыздан-жазықсыз ешкімді жазалап, қанын мойныма артқан емеспін, соған сен! Маған көп қырсығын тигізген Гержот (Перовск қаласындағы Большевиктер-жұмысшы Кеңесінің төрағасы) болды, ақылсыздау адам еді, талайдың жаны мен қаны мойнында оның. Соның қасында жүрген соң, сені де қаралайды, кімге барып ақталып жатасын. Әйтпесе, Кеңес Өкіметіне еткен еңбегім адал, «халық жауы» деп қаралайтындай ештеңе бүлдірген жоқпын. Бірақ, қазір Өкіметтің іші де бүлініп бітті, ішкі пиғылдарын білдірмейтін бүлікшілер көп.

Сталин сондайларға сеніп отыр ғой, сенген адамының бірі – Голощекин Қазақстанда «кіші Октябрь» жасаймын деп, малын жинап алып, елді аштыққа ұшыратты. Кімге барып, не айтарсың?! Тарихқа үңілсең, бұл адамзаттың басынан кіку кеткен емес ешқашан. «Әр патшаның тұсында бір сұрқылтай!» Бұл дүрбелең де уақытша шығар, сабасына түсер. Сүлеймен пайғамбар айтқан екен: «Бәрі де өткен, бұл да өтеді», – деп. Жақсылықты тілейік, үміттенейік, – деп барып, сөзінің арнасын басқа жаққа кілт бұрып, Шәрипа, ата-баба, әке-шеше аруағына

құран бағыштайын, жаратушыға жалбарынып, оң жол тілейін, құран кітабымды әкелші, – деді.

Шәрипа сандық түбінде жатқан ақ матаға ораулы Құран кітапты алып Жорабекке ұсынды. Ол оны маңдайына сүйкеп, сосын сүйіп, кеудесіне басып, алдына қойып, көзді жұмып құран сөзін құйқылжыта, аспай-саспай сызылтып оқыды және ұзақ оқыды. Соңында осы Құранды ата-баба, әке-шеше, жас кеткен жалғыз бауыры Бабабекке арнадым деген тұста дауысы дірілдеп, көңілі босап барып қатайды. Шәрипа да көзін жұмып, Құранға ұйып ерінің амандығын, балаларының саулығын жаратушыдан тілеумен болды. Жорабек дұғасын бітіріп, көзін ашты. Міне, Құдайдың күдіреті, Алланың кереметі! Апталап іздеп, ала өкпе болған, шашын ағартқан, жүйкесін жұқартқан қағаз – «Азамат соғысының ардагері» деген құжат алдында жатыр. О жасаған! Мұндай да кереметің болады екен-ау, шүкір, шүкір! Құдайдың құлымын, Алланың үмбетімін, өзіңе мың алғыс!... – деді де Құран арасынан сусып түскен қағазды төс қалтасына қаттап салып, орнынан атып тұрып, – Шәрипаш, жылама, бәрі жақсы болатын шығар, осы қағаз түбі мені бар пәледен құтқарады, мен жолдан қалмайын... – деп, бір сәтте ширығып тез киініп-буынып, балаларын иіскеді де далаға беттеді.

Күздің таңғы салқыны, бір түрлі ызғар бар. Шығыс жақ енді-енді бозарып келеді. Жорабек қоржынын атқа салды да, бір шетін еріне байлай сала, үзеңгіге аяғы тиер-тиместен «Биссимилла рахман рахим!» деп атына қарғып мінді. Шәрипамен ширақ қоштасты да, атын тебіне түсті. Бозала таңның бозғылт бояуына сіңіп, біраздан соң Жорабек көрінбей де кетті. Бағыты Сырдарияны жағалап Тәшкенге жету. Бар оқиғадан бейқабар балалары – Шаһызадан мен Шахмарданның қасына келіп Шәрипа қисайды.

Біз осы жерден шегініс жасаймыз.

Әр адам – тарих, әр адам – өмір! Жоғарыда біз суреттеген көрініс осы кітаптың жазылуына басты себепкер болып отырған академик Есенов Шахмарданның әкесі Жорабек өмірінің бір үзік сыры ғана. Жорабектің әкесі Есен, Есеннің әкесі Деріпсал. Олар кім болған? Шыққан тектері қайдан? Жорабектің өмірі қандай оқиғалар мен істерден тұрады? Бабабек кім? Олар өмір сүрген кезде қоғамда қандай

ірі оқиғалар болды? Сұрақ көп. Жауап табу үшін өткенге көз жүгіртпін тарих беттерін парактауға мәжбүрміз. Ең бастысы, бұл сұрақтарға жауап табу – кітаптың басты «кейіпкері» Лениндік және Қазақстан Мемлекеттік сыйлықтардың лауреаты, академик Есенов Жорабекұлы Шахмардан өскен ортаны біліп, қанығуымызға, тегін тануымызға көмектеседі.

Деріпсал мен Есен! Олар туралы мәліметтер табу бізге қиындау болды. «Біледі-ау» деп, Қызылорда мен Шиеліге ізден барған Дәулетұлы Абдолла мен Ізтілеуұлы Серғара ағаларымыз: «...Есен атамыз ер жетіп, есейген кезінде найман руының сұлуы Батшайым қызға үйленіпті. Одан екі ұл – Жорабек пен Бабабек дүниеге келеді... ал, Деріпсал бабамыз батыр шалыстау, тау тұлғалы, мінезі бірбеткей адам болыпты... негізі, біздің бабаларымыз – Сыр бойына Торғай, Бай-қоңыр жағынан баяғы-бағзы замандарда көшіп келген қыпшақтар. Себебі белгісіз. Шаруашылыққа қолайлы табиғаты ұнаған болар, кім білсін? Әлде жаутершілік заманында келді ме екен?... кімнің басы қайда домаламады дейсің...» дегеннен ары аса алмады. Абдолла мен Серғара ағалар Деріпсал, Есен, Жорабек, Бабабек, Шахмарданмен ағайындас, аталас адамдар, осы әулеттің қазіргі үлкендері деуге болады. Олар да қыпшақ руынан.

«Деріпсал баба мен Есен атаның кіші аталары Бұлтыңнан – Уәріс, Бегіс туады. Бегісінен – Күрпеуіт, Жолаба туылады. Жолаба алты ұлды болған. Олар – Күсілбас, Жангелді, Қызышекпек, Әбілқасым, Тоқболат, Есенкелді. Міне, осы алтаудың үлкені Күлісбастың екінші әйелінен туылған Бай-қоңыр, Деріпсал-Есен-Елұпан-Ізтілеу-Жорабек-Бабабек-Балтабай... бір сөзбен Қоңыр балалары болып табылады, – дей келе Абдолла аға Есен атасына толығырақ тоқтала түсті, – ...Есен ел ішінде елеулі, қадір-беделі жоғары болған. Айтарлықтай бай болмағанмен, өз қоны өзінде, ретсіз жан-жағына көз салған, сөз салған адам емес. Бір ерекшелігі ойлы, зерделі, өмір ағысын талдап түсіну, бүгінгі күніне қанағат қылумен бірге ертеңгі күннің бағыт-барысына, аяқ алысына мұқият мән берген.

Балаларын білімді азаматтар қатарынан көруді армандаған Есен ақсақал Жорабегі мен Бабабегін сол кездің өзінде Орта Азияның кіндік қаласы, мәдени, сауда, экономиканың орталығы – Тәшкен шаһарындағы оқу орындарына түсуге ақыл-кеңес береді».

Көкірек көзі ояу Есен ақсақалдың балаларына берген бағыт-бағдарының, білім-сауатының дұрыс болғанын уақыттың өзі көрсетті.

Ал, Есенді бұл әрекетке итермелеген, бағыттаған, себеп болған кім, немесе не оқиға дер едіңіз?

Әке Жорабек пен оның баласы Шахмарданның болмыс-бітіміне, іс-қимылына, ақыл-парасатына қарай отырып, олардың бабалары – Деріпсал мен Есен де осал адамдар болмаған-ау деп топшылаймыз. Алласын ауыздарынан тастамай, бес уақыт намаздарын қаза етпей, адамгершіліктің асыл қасиеттерінен аспағаны, жалғасқан ұрпақтары: Жорабек, Бабабек, Шахмардан, Шаһызадан... өмірінен көрініп тұр. Бабалары мықты болмаса, балалары қайдан дана болсын. Майлықожа ақын айтпай ма: «Жаманнан жақсы туса да, жақсыдан жаман туса да тартпай қоймас негізге» деп. Орыс халқы болса: «Алма алма ағашының түбіне құлайды» дейді. Халық мұндай нақыл мен өсиет айту үшін сан ғасырларды артқа тастап, тіршіліктің ащысы мен тәттісін талай татып барып, тұжырым-теорема айтқан. Біз соған сенеміз, мәнін іздейміз.

Баба Деріпсал мен ата Есеннің өмір сүрген кезеңі өте күрделі болды. Қазақ халқы өз дербестігін жоғалтты. Патша әкімшілігі қазақ жерінде ойына келгеннің бәрін істеді. Хандық билікті таратып, қазақ жерін бөлшектеп тастады. Қазақ ішіне іріткі салды. Бар байлығы – жерінен және тәуелсіздігінен айырылған қазақ халқы ХХ ғасыр есігін азып-тозып, аш-жаланаш күйде ашты...

Алайда, қазақ қауымынан: Шәкәрім Құдайбердіұлы, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов, Әлихан Бөкейханов, Мұстафа Шоқай, Нәзір Төреқұлов... секілді зиялы қауым қаулап шықты. Олар азаттық үшін, тәуелсіздік үшін күресті жалғастырды. Қолына қару алып емес, сананы ояту арқылы, білім мен сауаттылық арқылы жету керектігін ұқты және халқына ұқтыруға ұмтылды. Міржақып Дулатов «Оян қазақ, көзіңді аш, оян, көтер басты! Өткізбей қараңғыда бекер жасты! Жер кетті, дін нашарлап, хал арам боп, Қазағым, енді жату жарамасты!» – деп ұран тастады.

Осы кезде Сыр өңірінен де оқыған, білімді азаматтар шыға бастады. Мысалы, 1891 жылы Петербор университетін тәмамдаған, үлкен заңгер Сердәлі Мұнайтпасұлы, 1896 жылы сол қаладағы Әскери-медицина академиясын бітірген Әли Көтібарұлы, Ташкенттің заңгерлер даярлайтын гимназиясын алтын медальға, Ресейдің Императорлық Заң университетін үздік бітірген Шоқайұлы Мұстафа

бар еді. Алдыңғы ағалар жолына түсіп, хал-қадерінше білім, ғылым іздеген қазақ жастары жыл озған сайын көбейе берді. Солардың бірі, ел ішінің ерлері – Жорабек пен Бабабек еді.

XX ғасыр. Қазақ даласы бұрын-соңды болмаған түр мен түске енді. Қазақстан Өкіметі 1924 жылдың соңына қарай астананы Орынбордан Қызылордаға көшірді. Сыр бойы екі уезге, бірі – Перовск, екіншісі орталығы Жөлек болып құрылды. Жөлекке 12 болыс, 5 кент қарады. Атап айтсақ: Сұлутөбе, Сорқұдық, Қоғалы, Телікөл, Өзгент, Жаңақорған, Сауран, Ақөрік, Приреченский болыстары мен Тартоғай, Скобелевск, Жөлек, Жаңақорған... Скобелев атауы «Шиелі» болып өзгертілді. Колхоздар құрылды, мектеп, ауруханалар салынды, пошта ұйымдасты... Айта берсек, әңгіме көп...

Түрлі-түрлі, қилы-қилы оқиғалар ортасынан ел ішінің ерлері, Шиелі азаматтары да өсіп шығып, халықтың жарқын болашағы үшін аянбай еңбек етті. Әруақтары риза болғай, есімдерін атап өтелік: Жорабек пен Бабабек Есеновтер, Қалжан, Әуелбек Қоңыратбаевтар, Бетайдар Аралбаев, Әбу Палмұхаммедов, Сыздық Ережепов, Сыздық Боқасев, Жұмақай Оразбаев, Әбділла Тәжібаев, Мұхамеджан Қаратаев, Бәкір Палымбетов, Нартай Бекежанов, Палымша Күзембайұлы... Бұлар қазақ халқын жаңа өмірге икемдеп, ел қатарына қосу үшін алған білім мен күш-жігерлерін аямаған елдің абзал азаматтары.

Есенұлы Жорабек және Бабабек! Есеннің үлкен ұлы Жорабек 1877 жылы, ал Бабабек 1880 жылы Шиелінің Тартоғайында дүниеге келді. Патшалық Ресейдің қазақ даласын отарлауды қызу жүргізіп жатқан кезі. Орыс мұжықтары Шиелі, Тартоғайдың шұрайлы жерлерін қайырып алып, егін егіп, бау-бақша өсіріп, түпкілікті қоныстанды. Тіптен олар ауыл-селонның қазақша атын орыстандырып, орыс мектептерін ашып, шіркеулерін салып үлгерген-ді. Ауылға келіп қоныстанған отаршыл орыстардың балаларымен күн ұзақ ойнай жүріп, (Жорабек пен Бабабек) орыс тілін үйреніп қалған ұлдарын (дүниенің қайда дөңгеленіп бара жатқанын түсінді) Есен ақсақал бірден орыс мектебіне берді. Не керек, жаңа заман әкелген тіршілік ортасында Жорабек пен Бабабек өсті, ер жетті, білім алды, қалыптасты. Ел ішінің ісіне араласты, қызмет істеді.

«...Ақмешітке (қазіргі Қызылорда облысы) қарайтын Шиелі өңірінде Ресей патшалығы мен Кеңес дәуірінде көрнекті істерімен із қалдырған, халық жадында сақталған, осы күндерге дейін ұмыт

болмай үлкен қанағаттанғандық сезіммен айтылып жүрген азаматтар аз емес. Солардың бірегейі – Есеннің ұлдары Жорабек пен Бабабек. Өкелері Есеннің ақыл-кеңесімен екеуі де Ташкентке – Жорабек Дини семинарияға, Бабабек Оқытушылар гимназиясына түсті. Дини семинарияда тек діни мағлұматтар ғана оқытумен шектелмей, орыс тарихы, мәдениеті, әдебиетінен жан-жақты терең білім беретін.

Қызмет жолында Жорабек өз мамандығының жолына түспей, патшалық Ресей кезінде приставқа тілмаш, Кеңес Өкіметі орнаған соң Перовскіде тілмаш, кейіннен Әскери-революциялық кеңесте қызмет істеп, көтерілісшілерді көбіне бейбіт жолымен басуға жұмыстанған. Кеңес Өкіметінің бастапқы кезінде Ақтөбе облысында Анненков бастаған ақтар көтерілісін басуға барлау отрядын басқарып, азамат соғысына қатынасқан. Ол жөнінде «Азамат соғысына қатынасқан ардагер» дегенді куаландыратын ресми құжаты да болған.

Ал Есенұлы Бабабек, жоғарыда айтқандай, Мұғалімдер гимназиясын үздік бітіргеннен кейін біріңғай ағартушылық салада жұмыс жасады. Алғашқы қызметін Сыр бойындағы белгілі Хан мектебі аталған қазіргі Сырдария ауданындағы Шаған мектебінен бастаған. Әуелгі кезде орыс тілінен сабақ берсе, 1905-1908 жылдары сол мектептің директоры болған.

Бабабек сәл кейінірек өзінің туған ауылы Жөлекке қызмет ауыстырып, сонау XIX ғасырдың аяғына таман, анығын айтсақ, 1893 жылы Жөлекте ашылған орыс-қазақ мектебінде ұзақ жылдар директор болады, ұстаздық жасайды. Бабабек алдынан көптеген орыс, қазақ, татар, ноғай, өзбек балалары білім алып, Кеңес заманы кезінде ірі-ірі мемлекеттік қызметтерге араласады.

Есенұлы Бабабек – сауатты, білімді, адамгершілігі мен мәдениеті асқан адам ретінде, ел-жұрт, халық жадында осы күнге дейін сақталған.

Атап айтсақ, жасынан жетім қалған, ширақ, адал, пысық бір орыс баласын жеке тәрбиесіне алып, қамқор болып асырап, оқытып адам-азамат жасауы, оған өз әулетінің аты-жөнін – Байқоңыров Әбдірахман деп құжат алып беруі, жоғары оқу орындарына түсуіне бас болуы осы күндердің өзінде ешкімнің қолынан келе бермейтін, екінің бірінің маңдайына жазбаған ерекше қасиет болса керек. Сол Әбдірахман Байқоңыров үлкен азамат, ірі қызметтер істеп, Алматы өңірінде ғұмырын өткізді.

Бабабектің еңбегі жөнінде Сыр елінің белгілі ағартушы ұстазы, парсы, араб тілдерін жетік меңгерген, кешегі 30-шы және 50-ші жылдар

аралығында Шиелінің «Ортақшыл» ауылында ұстаздық жасаған Қалдыбаев Мінәт ақсақал да кезінде облыс, аудан деңгейіндегі кезекті басылымдарда салиқалы да салдарлы мақалалар жазғаны белгілі.

Бабабек Раушан деген қызға үйленді. Одан 1919 жылы Аяш деген қызды болды. Аурулы болып, 1926 жылы Бабабек дүниесін салды. Оқшы ата мазаратына жерленді. Қызы Аяш Жорабек қолында тәрбиеленіп, кейін Алматыға оқуға түсіп, Қазақ Ғылым Академиясының қызметкері Садықов Тәнірберген мырзамен тұрмыс құрды. Бұл күндері Аяш марқұм болған. Ер жеткен ұлдары, қыздары, немерелері бар. Бәрі де Алматыда...

(А. Дәулетұлы. «Мәуелі әулет» «Қызылорда-2007»).

Мұғалімдер гимназиясын «өте жақсыға» бітіріп, елге, Шиеліге оралған Бабабек ел ішінде жүріп жатқан сауатсыздықпен күрестің бел ортасына түседі. Ол Тартоғайдың басынан қазақ балаларына арнап тұңғыш түземдік-қазақ мектебін ашты. Ауыл-ауылды аралап, үй-үйді жағалап, «балаларыңды оқытыңдар, болашақ – білімде!» деп, санасы әлі марғау, ойы керенау қазақтарды оқуға тарту оңайға түскен жоқ. Ақырында сан баланы сауаттандырды, ғылым, білімге деген құштарлығын оятты. Одан тәлім мен тәрбие алған қаншама жас Мәскеу, Петербор, Алматы, Тәшкенге оқуға түсіп, қазақ даласында жетіспей жатқан мамандықтар: дәрігер, мұғалім, инженер, геолог... болып, жас мемлекеттің іргесін қалап, ел экономикасын көтеруге араласты. Біздің ойымызша, осындай және Бабабек сияқты қазақ халқының сауатын ашып, қараңғылықтан шығарған алғашқы ұстаздар – алғашқы қарлығаштарды тарихта бетінен іздеп, тауып, қалдырғанымыз абзал. Мысалы, Есенұлы Бабабектің есімін көше, мектеп, мекемелерге берсе, еш артықтығы жоқ. Бұл, бәрінен бұрын бүгінгі жасты жақсы әдет пен әдепке тәрбиелеу үшін қажет!

Есенұлы Жорабек туралы ел арасында аңыздай айтылып жүрген әңгімелер көп. Біз біразын ауыл ақсақалдарынан, көзін көрген қазыналы қарттарымыздан естідік. Жорабек ел ішінде білімділігімен, өткір, әділ, қайырымды мінезімен құрметті болыпты. Бітірген оқуы Діни семинария болғанымен, бұл салада қызмет жасамай, ол 1917-1930 жылдар аралығында Большевиктер-жұмысшы Кеңесі төрағасына аудармашысы, артынша бірінші орынбасары, кешікпей Перовск (Қызылорда қаласы) уездік милиция бастығы қызметін

атқарады. Сөйтіп, ол қазақ даласында Кеңес өкіметінің орнығуына өзіндік үлесін қосады.

Бұл айтуға ғана оңай мәліметтер. Әйтпесе, Жорабек пен Бабабек қым-қиғаш қайшылықты, тұрақтылығы жоқ беймаза уақытта өмір сүрді. Сынға көп түсті. Қандай қиындыққа тап келсе де жеке бастың пайдасы үшін ар мен ұяттарын епкімге олжалап пады. Сондықтан да болар, олардың жақсы ісі, көпке жасаған қамқорлығы ұмыт болмай ел есінде қалып, ұрпақтан-ұрпаққа таралып келе жатқаны.

Қашанда да жас ұрпақты тәрбиелейтін бөгде елдің билері мен патша, хандары емес, Жорабек сынды қалың халық ортасында жүрген арлы, намысты ел азаматтары! Елімізге отаршылдар өңмендеп келіп, «төр менікі!» деген тұста талайын орнына қойып, демдерін басқан осы Жорабектер және намысты қолдан бермейтін ел ішінің нар тұлғалы азаматтары. Бұл пікірімізді ел аузында жүрген Жорабектің мына бір мінезі, әрекеті дәлелдейді.

Бірде Жорабектің көршісі Сәрсен ауылға көшіп келгеніне екі жыл болған жүндібас, сақал-мұрты беліне түскен, екі беті бауырсақтай майлы, өзі сары, көзі көк Иванмен жерге таласып қалады. Орысшасы жетпей, ақысы кетіп бара жатқан соң Жорабектен көмек сұрап, болған жайды түсіндіреді. Олар Иванға келеді. Патшалық өкіметтің шексіз қамқорлығына мастанып алған ол бұлардың сөзін тыңдағысы келмей кете бергенде, Жорабек алып денесімен алшаңдай келіп, әлгі сары орыстың жолын қнып, талтайып, төбесінен төніп тұра қалды да:

*Прощай, немытая Россия!
Страна рабов, страна господ.
И вы, мундиры голубые,
И ты, им преданный народ.*

Маған өкпелеме! Бұны айтқан сенің бауырың Лермонтов! Сен тартып алмақ болған жер Сәрсеннің ата-бабасынан қалған мұра. Сенің ата-бабаңнан қалған жер Ресейде! Бар да тауып ал! – деді, дүрілдеген үнмен. Содан кейін еңгезердей денесін Иванның тәштек бойына үйіріп. – Мұндай істі тағы қайталасаң әңгіме басқаша болады! – деді. Екі көзі тас төбесіне шыққан тәштек сары орыс лып етіп жоқ болды.